

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
АКТЮБИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ К. ЖУБАНОВА

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА – НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

**ТІЛ БІЛІМІНІҢ КЛАССИГІ**  
*Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған  
биобиблиографиялық көрсеткіш*

**ОСНОВОПОЛОЖНИК КАЗАХСКОЙ ЛИНГВИСТИКИ**  
*Биобиблиографический указатель литературы к 110- летию со дня  
рождения Кудайбергена Жубанова*

Ақтөбе- Ақтобе  
2009

**Тіл білімінің классигі: Құдайберген Жұбановтың 110 жылдығына арналған әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіш/ Құрастырған Амангосова А.М.; Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Ғылыми кітапханасы. – Ақтөбе, 2009. – 10 бет.**

Библиографиялық көрсеткіш қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі, түріктанушы, профессор Құдайберген Жұбановтың өмірі мен шығармашылығына арналған.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспиранттар мен оқытушыларға арналған.

**Основоположник казахской лингвистик: библиографический указатель литературы к 110 – летию со дня рождения Кудайбергена Жубанова / Сост. Амангосова А.М.; Научная библиотека Актюбинского государственного университета им. К. Жубанова. – Актөбе, 2009. – 10 с.**

Библиографический указатель посвящен жизни и творчеству основоположника учения казахского языка, тюркологу, педагогу-просветителю, профессору – Кудайбергену Жубанову.

Указатель состоит из двух разделов..

Библиографический указатель предназначен для студентов, магистрантов, аспирантов, преподавателей университета.

Жастықтың оты жалындап,  
Жас жүректе жанған шақ.  
Тапаптың мініп тұлпарын,  
Әр қияға салған шақ.

Абай.

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов- қазақ халқының ұлттық мәдениетін, ғылымын сөз еткенде, көрнекті лингвист, шығыстану саласындағы кең көлемді білімі бар аяулы ғалым. Қазақтың советтік бағыттағы лингвистика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, ұлт кадрлары арасынан шыққан тұңғыш филолог, профессор Қ. Жұбанов халқымыздың тіл мәдениетін қалыптастырып, оны өркендетуде бар білімі мен күшін аямай жұмсап, игілікті еңбек етті.

Профессор Қ.Жұбанов қазақ топырағында туып-өсіп, ғылымның асқар биігіне көтерілген тамаша білімпаздардың шоғырынан саналады.

Жұбанов Құдайберген Қуанұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі, түріктанушы, профессор.

Қазақ тіл білімінің дүниеге келуі мен оның қалыптасуын ауызға алғанда бар өмірін, күш- жігерін отандық ғылымға сарп еткен жандардың бірі, 20-30-жылдарда қазақ филологиясы саласында табысты еңбек еткен профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов. Қазақ лингвистикасының негізін салған деп ауыз толтырып айтарлық ірі ғалымдарымыздың қатарындағы терең білімдарлық пен зор дарын иесі, ірі оқымысты әрі қоғам қайраткері осы бір жанды шын мәнінде елдің бәрі біле бермейді.

Құдайберген Жұбанов 1899 жылы желтоқсанның 19-ы күні Ақтөбе губерниясы, Темір уезі (қазіргі Мұғалжар ауданы) 9-шы ауыл Ақжар деген жерде дүниеге келген. Бастапқы білімін әкесі Қуан ашқан ауыл мектебінен алып, әрі қарай сол маңдағы Оспан ишанның мешітінде 3-4 жыл оқиды. Кейін Жұрын қаласының мектебінің бірден 4-сыныбына түсіп, оны үздік аяқтайды. 1914-1916 жылдары Орынбор қаласындағы «Хусайния» медресесінде жалғастырады. Ал 1917-1918 оқу жылында Күйік қаладағы (Елек) орыс училищесінің соңғы курсына қабылданып, орта білімін сонда аяқтады.

1928 жылы Ленинградтың Шығыс тілдері институтын (экстерн ретінде) бітіріп, жоғары білімге ие болады.

- 02. 1929 – 09. 1930. (1,5 жыл) Шығыс тілдері институтында түрік тілдері мамандығы бойынша;
- 10. 1930 – 09.1932. (2 жыл) СССР Ғылым академиясында (жалпы тіл білімі бойынша).

Анкетада өзінің көрсетуі бойынша мына тілдірді білген: неміс, араб, парсы, түрік, монғол, чуваш, коми, грузин, түркі тілдері.

Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өзі тұрғылас алдыңғы қатарлы зиялыларымыз сияқты, қазақ қоғамына өмір мен ғылымның сан алуан салалары бойынша ықпал ете білген. Бұған көз жеткізу үшін ғалым мұраларын жан- жақты және әр қырынан зерттеу шарт. Осы шарт орындалғанда ғана Қ. Жұбанов тұлғасы толық танылмақ.

Қ. Жұбановтың қазақ тіл біліміндегі орынын анықтау үшін оның тұсындағы қазақ тіл білімінің деңгейін анықтамақ керек. Құдекеңнің өзі былай дейді: «Казахское языкознание лишь начинает оформляться в качестве самостоятельной науки. И, как всякая наука, она может завершить стадию своего оформления не на базе общих абстрактных схем, а путем разработки отдельных проблем, чтобы из этих конкретных разработок складывалась наука о казахском языке. Охватить же сразу и осветить в систематическом изложении все многообразие языковой жизни целого народа, отражающей весь пройденный им зигзагообразный путь исторического развития и богатую содержанием социалистическую его современность, - вещь невозможная. Дореволюционное изучение казахского языка оставило нам весьма скудное наследие, чтобы не сказать не оставило ничего. Так что почти во всех участках нашей лингвистической работы приходится начинать с азов».

Қ. Жұбанов тұсындағы қазақ тіл білімінің даму деңгейі осындай болды. Ал, Қ. Жұбанов қазақ тіл білімін қаншалықты дамытты деген мәселенің басын ашу үшін ғалым мұрасын ұлттық лингвистика аясынан шығып, тіл білімі салалары бойынша байыпты барлау жасап, қорытындыламақ керек. Содан кейін зерттеу нәтижесін 30- жылдардың екінші жартысына дейінгі қазақ тіл білімінің даму деңгейі елегінен өткізсек, ғалым мұрасы өз тұсындағы әлемдік лингвистика ғылымы мен қазіргі тіл ғылымы даму үрдісімен байланыста қарастырсақ, ғалым мұрасы әр қырынан жақұтша жалтырап көрінері анық.

Жұбановтың тіл білімі бойынша жазған еңбектері қазақ әліпбиі мен орфографиясы мәселелеріне арналған. «Көмекші етістіктер мен күрделі етістектер», « Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жасалуы», «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасынаң материалдары», « Фонетика», « Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар», « Қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуге кіріспе», « Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі» « жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», « Буын жігін қалай ажыратуға болады», т.б. еңбектері – қазақ тіл білімі теориясын жасау және оны дамытуға қосылған үлкен үлес. Латын әліпбиіне негізделген қазақ орфографиясын жасауға қатысты. « термин сөздердің өзіндік ерекшеліктері», « Қазақ әдеби тіл терминологиясының мәселелері» атты еңбектер жазды. Республика халық ағарту комиссариатының коллегия мүшесі, КСРО ҒА Қазақстан бөлімшесі президиумының, бірнеше ғыл. Кеңестер мен қоғамдардың мүшесі болған. Халық ағарту ісіндегі еңбегі үшін « Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталған.

Қазақ совет лингвистикасының негізін қалаушы кісілердің бірі – профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов.

Ғылыми – педагогикалық жұмысымен қатар Қ. Жұбанов – қоғамдық істерге де белсене араласқан адам. Өткен дәуірлердегі ірі тұлғалар Фирдоусиге, Абайға арналған ғылыми конференцияларды шақыруға мұрындық болып, осы жиындарда мазмұнды баяндама жасаған адам да осы кісі.

1935 жылы Қазақстан мәдени құрылысшылары съезінің ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып, осындай ірі форумды өткізуге тікелей араласқан да осы кісі. Осыған іле- шала Кеңестердің бүкілресейлік XVI съезіне делегат болып, онда татарстан мәдениеті жайлы патриоттық сарында сөз сөйлеген де осы кісі.

Қ. Жұбанов Қазақ ССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Оның есімін біз қазақ лингвистикасының негізін салушылардың бірі ретінде бұл күнде ерекше құрметпен еске аламыз.

Қазақ совет лингвистикасының негізін қалаушы кісілердің бірі – профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың ғылыми – педагогикалық мұраларын бұдан былай да зерттей түсу – мұғалімдер жұртшылығы мен ғалымдардың ортақ міндеті.

Родоначальник казахской советской лингвистики.  
Ученый- исследователь, обладающий большим  
знанием, любящий свой народ, его сокровищницу –  
язык и культуру, приложивший много сил ради их  
процветания.

М.О. Ауэзов

Один из основоположников учения казахского языка, тюрколог, педагог-просветитель, профессор.

К.Жубанов – основоположник казахского советского языкознания, работал почти во всех областях казахской филологии. Его пытливый ум, фундаментальные теоретические знания ленинградской школы лингвистов давали возможность проникнуть в самые потаенные уголки языка и мышления.

Исторически сложившие условия ставили перед К.К. Жубановым титанические задачи культурного строительства в молодой Казахской республике. Он движимый лучшими помыслами служения народу, возглавил небольшую, но активную группу энтузиастов - казаховедов с целью создания на научной основе новой национальной орфографии, терминологии, учебников грамматики, первого казахского терминологического словаря, программы по родному языку и других школьно-методических пособий.

Жубанов Кудайберген Куанович родился в 1899 году (19 декабря) в селе Акжар, Темирского района (ныне Мугоджарский) Актюбинской области.

Начальное образование получил в местной школе, затем в медресе «Хусайния» в г. Оренбурге в 1914- 1916 гг., в Джурунской 2-х классной русской школе, в 2-х классном училище в г. Илецке.

Образование высшее. Окончил Ленинградский институт живых восточных языков в 1928 г. (экстерном); в 1929-1932 гг. обучался аспирантуре в г. Ленинграде: в Институте восточных языков (тюркские языки) (1,5 года – с 02.1929 по 09. 1930 г.); в Институте языка и мышления Академии наук СССР (общее языкознание) (2 года – с 10.1930 по 09.1932 г.).

Владел следующими языками: немецким, персидским, арабским, турецким, монгольским, грузинским, чувашским, коми и тюркскими языками.

Профессор Кудайберген Жубанов, так же как его единомышленники и передовые интеллигенты того времени, сумел оказать влияние на жизнь казахского общества, на многие отрасли науки. Чтобы понять это влияние, необходимо рассмотреть наследие ученого с разных сторон и с разных позиций. Только при выполнении этого условия можно более полно понять личность К.К. Жубанова.

Место К. Жубанова в отечественном казахском языкознании, уровень его исследований следует рассматривать в контексте того времени, когда жил и работал ученый. Сам он говорил об этом так: «Казахское языкознание лишь начинает оформляться в качестве самостоятельной науки. И, как всякая

наука, она может завершить стадию своего оформления не на базе общих абстрактных схем, а путем разработки отдельных проблем, чтобы из этих конкретных разработок складывалась наука о казахском языке. Охватить же сразу и осветить в систематическом изложении все многообразие языковой жизни целого народа, отражающей весь пройденный им зигзагообразный путь исторического развития и богатую содержанием социалистическую его современность, - вещь невозможная. Дореволюционное прошлое изучения казахского языка оставило нам весьма скудное наследие, чтобы не сказать не оставило ничего. Так что почти во всех участках нашей лингвистической работы приходится начинать с азов». Таков был уровень развития казахского языкознания во времена К. Жубанова. Чтобы сделать заключение о том, до какой степени ученый развил казахскую лингвистику, говоря его словами, «на всех участках нашей лингвистической работы», необходимо провести критический анализ наследия ученого в разных отраслях языкознания.

Несомненно, что при тщательном разборе результатов исследований второй половины 30-х годов в развитии казахского языкознания наследие ученого получит достойную оценку. Если рассматривать наследие К.Жубанова в национальном языкознании, не затрагивая мировое языкознание того времени, то в сравнении с процессом развития современной казахской лингвистической науки, оно заблистает рубиновыми гранями со всех сторон.

Имя профессора Кудайбергена Куановича Жубанова в свое время было популярным среди казахской интеллигенции, особенно среди работников просвещения. Как замечательного ученого-лингвиста его знали лично и ценили такие видные русские ученые, как академики И.И. Мещанинов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, С.Е. Малов, К.К.Юдахин и другие. Будучи чутким и отзывчивым товарищем, человеком чрезвычайно скромным, он в то же время был строгим и требовательным наставником молодежи. Его интересовали все стороны культурной жизни республики. Везде – среди работников науки, искусства, литературы – К.К. Жубанов бы уважаемым человеком. Он заслужено пользовался авторитетом как профессор и заведующий кафедрой казахского языка Педагогического института им. Абая, как руководитель учебно- методического совета Наркомпроса Казахской ССР, где разрабатывались вопросы обучения и воспитания, как заведующий лингвистическим сектором Казахского филиала Академии наук Союза ССР. В истории казахского советского языкознания Кудайберген Куанович Жубанов значится автором первого монографического труда по казахскому языку и одним из первых составителей школьной программы и учебника по родному языку. Заслугой К.К. Жубанова является и подготовка кадров по казахской филологии. Ряд известных языковедов нашей республики по праву считают себя учениками К.К.Жубанова.

Наряду с научно-педагогической деятельностью К.К.Жубанов вел большую общественную работу. Он проявил инициативу в организации научных конференций, посвященных выдающимся деятелям прошлого – Фирдоуси, Абаю, и выступил на них с содержательным докладом. В 1935

году его избрали председателем оргкомитета съезда работников культурного строительства в Казахстане, а затем делегатом от Казахстана на XVI Всероссийский съезд Советов, на котором он произнес патриотическую. Речь о культуре Советской Татарии.

Труды Кудайбергена Жубанова по языкознанию посвящены казахскому алфавиту и вопросам орфографии. Его фундаментальные труды «Көмекші етістіктер мен күрделі етістіктер», «Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің жасалуы», «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының материалдары», «Фонетика», «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар», «Қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуге кіріспе», «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», «Буын жігін қалай ажыратуға болады» и др. – достойный вклад в создание теории казахского языкознания и его дальнейшее развитие. Участвовал в создании казахской орфографии, основанной на латинском алфавите. Его перу также принадлежат работы «Термин сөздердің өзіндік ерекшеліктері», «Қазақ әдеби тіл терминологиясының мәселелері».

К.К. Жубанов был одним из основоположников казахской советской лингвистической науки.

#### Литература:

1. Ағайынды Жұбановтар.- Ақтөбе, 2008.- № 14-15, қыркүйек.
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 47-48 бет; 163 бет; 214-216 бет; 290-336 бет; 591-594 бет.
3. Айтөлен Ұ.Әкем – жарық жұлдызым.(Профессор Қ.жұбановтың кейбір шығармалары және естеліктер мен мақалалар жинағы). Құрастырған және түсініктерін жазған Қ.Жұбанова. – Алматы: «Информ Арна», 2005.- 226 бет.
- 4.Ақтөбе: Энциклопедия. – Ақтөбе «Отандастар – Полиграфия» ЖШС, 2001.- 436 бет.
- 5.Әбдібаева Ж.Қ. Профессор Қ. Жұбанов және қазақ тілінің синтаксисі. – Ақтөбе мемлекеттік университетінің жаршысы, 2006 жыл, №3, 81-83 бет
6. Әділханова Э. «Қ.Жұбанов әлемі».- Ақтөбе университеті, 2009.-№14, қыркүйек.
7. Елінін адал перзенті: Қ. Жұбанов – 110. – Ақтөбе университеті,2009. - №14, қыркүйек.
- 8.Жаксыгарина М. К.Жубанов в Экслибрисе художников мира. – Вестник Актюбинского университета, 2000 год, №1, стр.37-47.
9. Жұбанов Е. Әке шаңырағының шырақшысы:Естелік. – Таң Шолпан, 2007жылбет. №4, -164-184
10. Жұбанов Е.Қ. Ғалым өмірінің өткелдері. – Ақтөбе университетінің хабаршысы,- 1998 жыл, №1, 19-28 бет.



11. Жұбанов Е.Қ. Сөз тәңірісі.- Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2002.- №2.- 14-17 бет.

12.Жұбанов Қ.Қ. Бас әріп керек пе? – Ақтөбе мемлекеттік университетінің жаршысы, 2006 жыл, №3, 32-39 бет.

13.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1999.- 581 б.

14.Жұбанов Қ. Қазақ тілі фонетикасының тарихынан. – Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2006 жыл, №2, 45-55 бет.

15.Жұбанов Құдайберген. 90 жылдығына арналған ғылыми конференция (19 желтоқсан 1989) материалдары.- Алматы,1990.-92 бет.

16. Жұбанов тағылымы –V. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары.- Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің редакциялық-баспа бөлімі, 2002. – 297 бет.

17. Жұбанова М.Қ. Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика проблемалары хақында. Оқу құралы.- Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002.- 82 бет.

18. Кенжебаев К., Оралбай Ә.  
«Құдайберген Жұбанов»: Деректі ғұмырнама.- Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2000.- 280 бет.

19.Кудайберген Жубанов и казахское и советское языкознание.- Алма-Ата: Ғылым, 1990.-368с.

20. Кудайберген Жубанов. Исследования по казахскому языку. Вопросы грамматики казахского языка.-Актобе, 1993.-236с.

21. Кудайберген Жубанов. Исследования по казахскому языку. Вопросы культуры и искусства. Гл.4.- Актюбинск, 1993.- с.308-329.

22. Кудайберген Жубанов. Исследования по казахскому языку. Вопросы казахского литературного языка.- Актюбинск, 1993.- с.286-307.

23.Қазіргі замандағы гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша өткен республикалық «Жұбанов тағылымы» конференцияларының материалдары (1989, 1994, 1996 жж.): Қ. Жұбановтың 100 жылдығына. Материалы республиканских Жубановских чтений, посвященных актуальным проблемам современных гуманитарных наук (1989, 1994, 1996 гг.): К 100-летию К. Жубанова. – Ақтөбе, 1998.-93 бет.

24.Қеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.- 526-532 бет; 540-555 стр.

25. Қарабалина А.А. Қ. Жұбановтың этнопсихологиялық идеялары. – Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2006 жыл, №1, 90-94 бет.

26. Құрманбеков Е. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов. – Ұлағат, 2008.- №6, 137-140бет.

27. Құрманбеков Е. Құдайберген Қуанұлы Жұбанов. – Ұлағат, 2009жыл, №1, 123-124бет.

28. Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Жинақ.- Астана, 1999.-464 бет.

29. Мирон М.О. Құдайберген Жұбанов публицистикасы (көсемсөзі): оқыту аспектілері.- Алматы, 2002.-85с.

30. Мирон М.О. Профессор Қ.Қ. Жұбанов латын графикалы емлені қолданушы. – Ақтөбе университетінің хабаршысы, 1998 жыл, №1, 33-38 бет.

31. Нұржанова Ж. Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын студенттерге оқытып үйретудің жолдары. – Ақтөбе университетінің хабаршысы, 1998 жыл, № 1, - 28- 33 бет.

32. Омарбекұлы С. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері.- Алматы «Арыс» баспасы, 2007.- 312 бет.

33. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері.- Вопросы казахского языкознания.- АЛМАТЫ: «Арыс» баспасы, 2000.- 558 – 567 бет.

34. Сәдуақас Н.Ә. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы саласындағы еңбектерін оқыту.- Ақтөбе, 2001.- 88 бет.

35. Сұлтан Ж.И. Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ этнолингвистикасының нышандары. – Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы, 2007 жыл, 9-14 бет.

36. Тайжанұлы А., Ахан Б. Құдайберген Жұбанов дүниетанымы.- Ақтөбе, 1999.- 100 бет.

37. Тектігулова Ж. Кейбір тілдік элементердің этимологиялық табиғаты ( Проф. Қ. Жұбановтың лингвистикалық концепциялары тұрғысынан) Лекциялар желісі.- Ақтөбе, 1994.- 40 бет..

38. Хасанұлы Бақытжан. Қ. Жұбанов мұралары – отандық жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын – сүргін.- Ақтөбе, 2000.- 119 бет.

39. Хасанұлы Бақытжан. Жұбановедение: в контексте формирования общего языкознания, социолінгвистики и психолінгвистики в Казахстане. Репрессии в сфере языка.- Ақтөбе, 2000.- 120 с.